ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 мамыр №4360-23-00-2/719 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья С. Умарсирикова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Сихаев» - Ердос Тажиханович Сихаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сихаев» - Ердос Тажиханович Сихаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сихаев» - Ердос Тажиханович Сихаевтан талап қоюшы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 18 642 (он сегіз мың алты жүз қырық екі) теңге тұрақсыздық айыбы мен сот шығыны 560 (бес жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сихаев» - Ердос Тажиханович Сихаевтан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 13.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.06.2023, судья Елшібеков Б. Е., 15.08.2023

4360-23-3-1/805